ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА ИМПЛЕМЕНТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ибрагимов Ж.И., *Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент zhamaladen@mail.ru*

ВОПРОСЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ СТАНДАРТОВ В НАЦИОНАЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО В СФЕРЕ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Ибрагимов Ж.И., в.*н.с. отдела международного права и сравнительного правоведения Института законодательства Республики Казахстан, к.и.н., доцент (г. Астана, Республика Казахстан)*

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың біртұтас экономикалық кеңістігінің қызмет етуі кейбір сыртқыэкономикалық қатынастарды қайта қарастыру мәселесін туындатты.Еуразиялық экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту, жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауында былай деп көрсетілген: «Біз XXI ғасырдағы жаһандық сын-қатерлерге еуразиялық интеграцияны тереңдетумен жауап берудеміз. Біз Ресеймен және Беларусьпен бірге Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастырдық, Еуразиялық экономикалық одақ құруға келе жатырмыз» [1,2].

Осындай аса маңызды міндеттерді атқаруда Біртұтас экономикалық кеңістіктің қызмет етуі ауқымында ратификацияланған халықаралық шарттар нормаларын ұлттық заңнамаға имплементациялау мәселесі өзекті болып табылады. Халықаралық шарттар нормаларын инмплементациялау және ұлттық заңнаманың біртұтас экономикалық кеңістікте нақты жүзеге асырылуы еуразиялық интеграцияны тереңдетуге үлес қосады.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстан заңнамасының дамуының ерекшеліктерінің бірі оны түбегейлі жаңарту болып табылады.Өзінің мазмұндық сипаты жағынан жаңа заңнама елдегі қоғамдық саланың барлығына қатысты реформалардың мағынасы мен мақсатына сәйкес болуы керек. Сондықтан да заңдарды белгілі тәртіпке келтіру ісінде нормативтік құқықтық актілерді толыққанды жаңарту идеясы алға шығады. «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» мақаласында Елбасы заңнаманың жүйелі түрде дайындалып қоғамдағы ең өзекті мәселелерді шешу қажеттілігіне аса назар аударады: «Казахстанскому обществу нужен закон о социальных стандартах и гарантиях социальных прав, который бы содержал минимальные ключевые индикаторы.Причем уже в период бижайшей сессии Парламента целесообразно рассмотреть наиболее востребованные законодательные акты. И надо взять за правило, что новые законы должны комплексно решать соответствующие вопросы, иметь прямое действие, соответствовать ожиданиям казахстанцев, делать жизнь народа проще и комфортнее, быть понятнымм и доступными для всех» [2,2].

Ұлттық заңнаманы түбегейлі жаңарту, оны халықаралық міндеттемелерге сәйкестендіру ең алдымен, заңнаманың ең басты салаларында жаңа жүйе негіздеуші заңдарды қабылдауды қажет етті. Қазақстан Республикасының құқықтық жетілдірілуінде жаңа кезең Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл құжат 2002 жылы қабылданған құқықтық саясат тұжырымдамасының логикалық жалғасы болып, елдің құқықтық дамуында өте үлкен рол атқарды.

Әлемдік экономикада және саясаттағы іргелі өзгерістер, жаһандану үрдістері,

сонымен қатар елдің ішкі даму серпіні қол жеткізілген жетістіктерді әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Ұлттық заңнаманы уақыт талабына сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін мемлекеттің құқықшығармашылық және құқыққолдану қызметін одан әрі жетілдіру қажет.Қоғамдық өмірді түбегейлі өзгерту үрдістері елдің құқықтық өмірін қайта бағалаумен қатар жүріп отырады.

Жаңа бағдарламалық құжат онжылдықтағы мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі басымдықтарын айқындайды.Тұжырымдамада қазіргі заман тенденцияларына, отандық және әлемдік тәжірибеге сәйкес, қазақстандық мелекет және құқықтың болашақ даму туралы ғылыми негізі бар ұсынымдарға негізделген ұлттық құқықтық жүйені жетілдірудің негізгі бағыттары көрініс табады. Осы орайда құқық салалары жетілдіріліп, құқықшығармашылық және құқықты жүзе асыру қызметті одан әрі жаңғыртудың құқықтық негізі ретінде қазақстандық заңнаманың жаңа келбеті қалыптасады.

Бірқатар өңірлерде экологиялық қиын жағдай орын алған біздің ел үшін ең өзекті мәселе табиғат қорғау заңнамасын, оның ішінде халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға оны үйлестіру тұрғысында одан әрі жетілдіру мен дамыту болып табылады. Табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында табиғи ресурстарды пайдалану және оларды қорғауды құқықтық реттеу тетіктерінің нақты аражігін ажырату керек.

Табиғатты қорғау заңнамасы табиғатты тиімді пайдалануды және экологиялық нормативтерді сақтауды, экологиялық таза өндірістерді дамыту мен азаматтардың қауіпсіз жүріп-тұруын дамытуды ынталандыруға тиіс.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік актілерді жетілдіруді және топтастыруды талап етеді, бұл сол қоғамдық қатынастардың осы салаларда құқықтық реттелу сапасы мен деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты атты халыққа Жолдауы // Егемен Қазақстан. 28.01.12. №41-42 (2114)

2 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация: 20 шагов к обществу всеобщего труда // Жезказганкая правда. 27.07.12. №30 (326)